

Жекелеген кілемдер түрлерінің және басқа да тоқыма еден төсеніштерінің импорты кезінде уақытша қорғау шараларын енгізу туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 9 қарашадағы N 1690 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 20 ақпандағы N 171 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.02.20. N 171 Қаулысымен.

"Тауарлар импорты жағдайында ішкі рынокты қорғау шаралары туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 28 желтоқсандағы Z980337_ Заңына сәйкес ішкі рынокта тең бәсекелестік жағдай жасау және шаруашылық жүргізуші субъектінің өтініші бойынша жүзеге асырылатын анықтауды ескере отырып, отандық өндірушілерді қолдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес тауарлардың импортына алты ай мерзімге уақытша қорғау шаралары енгізілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі жүргізілетін анықтау рәсімі аяқталғанға дейін заңнамада белгіленген тәртіппен тауарлар импортын лицензиялауды қамтамасыз етсін.

3. Қосымшаға сәйкес мөлшерде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті депозитке, тауарлар импорты кезінде қолданылып жүрген кедендік баждың ставкасынан тыс алынатын уақытша қорғау баждарын енгізсін.

4. Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Антидемпингтік бақылау жөніндегі комитеті Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының және Тәжікстан Республикасының Интеграциялық комитетін және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетін Қазақстан Республикасының уақытша қорғау шараларын енгізетіндігі туралы хабардар етсін.

5. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 9 қарашадағы
N 1690 қаулысына

ҚОСЫМША

**Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін,
оларға қатысты уақытша қорғау баждары енгізілетін
тауарлардың тізбесі**

| Тауар атауы | !ТМД СЭҚ ТН ! | ! Уақытша қорғау |
|--|-----------------|---|
| | ! бойынша | !бажының ставкасы |
| | !тауардың коды! | !(кедендік құнынан |
| | ! | !%-бен не ЕВРО-мен) |
| | ! | ! |
| Қылшықты, тафтингіленбеген неме. се флокирленбеген, өңделмеген қой жүнінен немесе жануардың жұқа жүнінен жасалған тоқылған кілемдер және басқа да тоқыма еден төсеніштері | 5702 31 | 1 ш.м үшін 30, бірақ, кемінде 2 ЕВРО |
| Қылшықты, өңделмеген, тафтингі. ленбеген немесе флокирленбеген, басқа да тоқыма материалдардан жасалған тоқылған кілемдер және басқа да тоқыма еден төсеніштері | 5702 39 | 1 ш.м үшін 30, бірақ, кемінде 2 ЕВРО |
| Қылшықты, тафтингіленбеген немесе флокирленбеген, қой жүнінен немесе жануардың жұқа жүнінен өңделіп жасалған тоқылған кілемдер және басқа да тоқыма еден төсеніштері | 5702 41 | 1 ш.м үшін 30, бірақ кемінде 2 ЕВРО |
| Қылшықты, тафтингіленбеген немесе флокирленбеген, басқа да тоқыма материалдардан өңделіп жасалған тоқылған кілемдер және басқа да тоқыма еден төсеніштері | 5702 49 | 1 ш.м үшін 30 бірақ, кемінде 2 ЕВРО |
| Қылшықсыз, тафтингіленбеген немесе флокирленбеген, өңделмеген қой жүнінен немесе жануарлардың | 5702 51 000 | 1 ш.м үшін 30, бірақ кемінде 2 ЕВРО |

| | | | |
|---------------------------------|----------|--------------|-----------------------|
| жұқа | жүнінен | өңделіп | жасалған |
| тоқылған | кілемдер | және | басқа да |
| тоқыма еден төсеніштері | | | |
| Қылшықсыз, тафтингіленбеген | | 5702 91 000 | 1 ш.м үшін 30, бірақ, |
| немесе флокирленбеген, қой | | | кемінде 2 ЕВРО |
| жүнінен | немесе | жануарлардың | |
| жұқа | жүнінен | өңделіп | жасалған |
| тоқылған | кілемдер | және | басқа да |
| тоқыма еден төсеніштері | | | |
| Тафтингіленген, өңделген немесе | | 5703 10 | 1 ш.м үшін 30, бірақ, |
| өңделмеген, қой жүнінен немесе | | | кемінде 2 ЕВРО |
| жануарлардың | | жұқа | жүнінен |
| кілемдер | және | басқада | тоқыма еден |
| төсеніштері | | | |
| Тафтингіленбеген немесе | | 5704 | 1 ш.м үшін 30, бірақ |
| флокирленбеген, өңделген немесе | | | кемінде 2 ЕВРО |
| өңделмеген | | киізден | жасалған |
| кілемдер | және | басқа | да тоқыма |
| еден төсеніштері | | | |
| Өңделген немесе өңделмеген | | 5705 00 | 1 ш.м үшін 30, бірақ, |
| кілемдер және басқа да тоқыма | | | кемінде 2 ЕВРО |
| еден төсеніштері | | | |